

Дәріс №9. Этнос және ұлт әлеуметтануы

Нұран Д.Н. Әлеуметтану және әлеуметтік
жұмыс кафедрасының аға оқытушысы

Дәріс жоспары:

1. Әлеметтік құрылым түсінігі
2. Этнос және ұлт әлеуметтануы
3. ҚР ұлттық саясаттың ерекшелігі

Әлеуметтік құрылым

- Әлеуметтік құрылым - қоғамдағы түрлі әлеуметтік топтар жиынтығы.
- әлеуметтік топтар - қоғамдағы алатын орнына қарай жіктелген топтар.
- әлеуметтік қатынастар - түрлі әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынастар .

Әлеуметтік жіктеліс (стратификация)

- стратификация латынның “жіктеу” және “жасау” деген сөздерінен шыққан, яғни әлеуметтік құрылымды қоғамда алатын орнына қарай ажырату. Мысалы: байлығына, билігіне, біліміне, жасына, жынысына, діни сеніміне және т.б.

Мемлекеттің әлеуметтік құрылымы

- мемлекеттің әлеуметтік территориялық құрылымы;
- мемлекеттің әлеуметтік демографиялық құрылымы;
- мемлекеттің әлеуметтік кәсіби құрылымы.

Урбандалу дегеніміз - әлеуметтік құрылымда қала халқының, қалалардың санының артуы және үлкен маңызға ие болуы.

- 1917 ж.дейін қала халқы 9,7%
- 1939 ж. 3,3 есеге өскен, 81 қала болған, 28,8 %
- 1986 ж. 62,6 %
- қазір халықтың 56% қалалық елді мекендерде, 44% ауылды елді мекендерде тұрады, қалалық қазақтардың үлес салмағы шамамен 50%.

ҰЛТ ЖӘНЕ ЭТНОС

- ортақ тіл, территория, дәстүр;
- ортақ тарих, мінез – құлық;
- ортақ шаруашылық, тұрмыс-салт;

- этнос пен ұлттың негізгі айырмашылығы ұлт саяси мәнге ие.

Ұлттық саясат

- мемлекет тарапынан немесе саяси ұйым атынан жүргізіледі;
- этностар арасындағы қарым қатынастарды реттеуге бағытталады;
- ұлтаралық келісімді сақтауға негізделеді.

Ұлттық саясат түрлері

- геноцид
- апартеид
- ассимиляция
- федерализм
- нәсілшілдік

- Геноцид – бір этносты мәдениетінің белгілеріне қарап қасақана қыру, тұтас этникалық топтарды, ұлт өкілдерін қудалау, қысым көрсету саясаты.

Геноцид саясатына мысалдар

- 1937 ж. Қиыр Шығыстағы корейлер оңт.және оңт.шығыс аймаққа көшірілді.
- 1937 ж. Армения және Азербайжаннан
- 1944 ж. Грузиядан курдтер
- 1940 ж. Украина мен батыс Беларусьтен поляктар Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Солт.Қаз., Семей обл.

- ❑ 1941 ж. КСРО ның батысы мен Еділ бойындағы немістер
- ❑ 1944-45 жж. Украина, Беларусь, Балтық жағалауындағы немістер
- ❑ 1943 ж. Қазанда қарашайлар Жамбыл мен Оңт.Қазақстанға
- ❑ 1944 ж. Көктем мен күзде Солт. Кавказ бен Қалмақ АКСРінен
- ❑ 1944 ж. Ақпанда чечендер мен ингуштар

- 1944 ж. наурызда Қаз.оңтүстігіне балқарлар
- 1944 ж. сәуірде Л.Берия бұйрығымен Қырым татарлары, болгарлар мен гректер
- 1944 ж. қарашада Алматы, Жамбыл, Талдықорған, ОҚО месхетин түріктері мен курдтер күштеп қоныстандырылды.
- бұдан кейінгі басқа этнос өкілдерінің көптеп келуі 1954-56, 1959-65 жж. болды .

- Апартеид – қаралардың, ақтардың, азиялық және түсті халықтардың бөлек даму саясаты, таза мәдени тұрғыдан негізделеді, аралас некеге тиым салынады.
- 1948-1990жж ОАР жүргізілген, бастамашысы Хенрик Фервурд.

- Ассимиляция – бір ұлттың немесе оның бір бөлігінің басқа ұлт тілін, дәстүрлерін игеру жолымен өзінің ұлттық ерекшеліктері мен сана сезімінен айрылып, сіңісіп кетеді.
- Оның табиғи және қолдан жасалған түрлері болады.

- Федерализм – көп этносты құрамды мемлекеттердің өз құрамындағы ұлттарға белгілі бір дәрежеде автономия беру саясаты.

- нәсілшілдік – мемлекет құрамындағы халықты шыққан тегіне, нақтырақ айтсақ шыққан нәсіліне қарап алалау, құдалау саясаты.
- мысалы Фашистік Германияда

ДИАСПОРА тарихи Отаны бар,
белгілі бір себептерге байланысты
шет елдерде жүрген бір ұлт
өкілдері .

Қазақ диаспорасы

- ❑ Қытайда, Моңғолияда
- ❑ Ауғанстан, Түркия, Иранда, Пәкістанда
- ❑ Балтық жағалауы елдерінде
- ❑ Германия, Франция, Швеция, Швейцария, Дания, Норвегия, Австрия, Австралия, Бельгияда
- ❑ АҚШ, Канада, Кубада
- ❑ Сауд Аравиясы, Жапонияда
- ❑ ТМД елдерінде

ҚР ұлттық саясатының принциптері

- егемендік пен тәуелсіздік
- барлық ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің тең дәрежеде экономикалық және мәдени дамуына мүмкіндік жасау
- ұлтаралық келісім, гуманизм, өзара көмек, достық және ҚР халқының бірлігі
- ұлт құқығы мен адам құқығының үйлесімі

Қазақстан халықтарының Ассамблеясы

Ассамблея Қазақстанның саяси жүйесінің маңызды бір белгісіне айналды, ол барлық этностардың мүдделерін бір арнаға тоғыстырады, ұлттық тегіне қарамастан барлық азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің бұлжытпай сақталуын қамтамасыз етеді.

Н.Ә.Назарбаев

- Бірігу мен келісім Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Қазақстан халықтарының 1-форумында ҚР Президенті Н.Назарбаев ұсынған.
- Қазақстан халықтарының Ассамблеясы Елбасы жарлығымен 1995жылы 1наурызда мемлекет басшысы жанындағы консультативтік орган ретінде құрылған.